



@ILE_AKIMAT
@ILE_TANY



№1 (5163)

Алматы және Жетісу облыстық
қоғамдық-саяси апталық

1

қаңтар (бейсенбі)
января (четверг)

2026

жыл
год

Алматинская-Жетысуская областная
общественно-политический еженедельник

Жаңа Жыл
құтты болсын!

**Құрметті
Іле ауданының тұрғындары!!!**

Сіздерді Жаңа 2026 жылмен шын жүректен құттықтаймын!

Ескі жылға өкпеміз жоқ, ауызбіршілігіміздің арқасында әрбір тосын жайды ел болып еңсеріп, ауыртпалықты жеңе білдік. 2025 жылы Іле ау-

жолдар жөнделді. 2025 жылы ауданымызда көлемді жобалар қолға алынып, өндіріс орындары салынып, ел экономикасын дамытуға үлес қосса, бірнеше білім ошақтары, соның ішінде жайлы мектептер ашылып, оқушыларымыз заманауи үлгідегі мектептерде білім алуда.

ЖЫЛҚЫ ЖЫЛЫ ЖЕЛІСТІ БОЛСЫН

данының біртуар азаматтары Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығы, Н. Исахметовтің 90 жылдығы, А. Әжімұратовтың 85 жылдығы тойланып, аудан орталығы Өтеген батыр ауылында еңселі Мәдениет үйі салынып, өнер мен мәдениет ошағының ашылуы болды. Ел тарихындағы елеулі оқиғалар да осы жылы орын алды.

Жаңа жыл – бәріміз шын жүректен асыға күтетін, қуанышқа толы ең жайдары, келер күнге мол сенім артатын ерекше мереке. Жылан жылы бірлік пен татулық сыналған, ұлт жігері қайралған намыс жылы, жетістікке толы табыс жылы болды. Соның ішінде ауданымыз үшін ел тілегі жүзеге асқан, серпінді жобалардың орындалуымен есте қалды. Жылан жылын өңіріміз үшін табысты жыл деуге болады. Барлық макроқорсеткіштер бойынша жағымды оң динамиканы сақтап қалдық. Әлеуметтік маңызы бар құрылыс нысандары салынып, жылу, газ, электржабдықтау инфрақұрылымдары жүргізілді, ауданның шеткі аймақтарындағы, елдімекендердегі

Қадірлі жерлестер!

Әрбір қол жеткізген жетістігіміз – Сіздердің зор еңбектеріңіздің жемісі.

2025 жылды нәтижелі аяқтап, шежірелі Іле өңірінің дамуына қосқан үлестеріңіз үшін баршаңызға ризашылығымды білдіремін!

Жаңа 2026 жыл Сіздерге жақсылық, отбастарыңызға амандық, мол ырыс-несібе әкелсін! Жылан жылы жыр-ән жылы болса, жылқы жылы елімізден құт-берекеге толы күлкі жылы болуына, шашасына шаң жұқпас тұлпардай желісті, табысты болуларыңызға тілектеспін. Ел қамбасы қазыналы болып, берекеміз арта берсін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, ізгілікте, татулықта ғұмыр кешіп, қастерлі ұлы Отанымызды мекендеген әрбір жанның жүзіне тек күлкі ұялап, Қазақстанымыз гүлдене берсін. Жаңа жыл жаңа табысқа жетелесін!

Жаңа жыл құтты болсын!

Қайыржан ЖАҚСЫМБЕТОВ,
аудан әкімі

КҮРТІ МЕН ҚОНАЕВ ЖАҚЫНДАЙ ТҮСТІ

Алматы облысында республикалық маңызы бар «Қонаев – Күрті» автомобиль жолының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Аталған жол учаскесі «Орталық – Оңтүстік» көлік дәлізінің маңызды құрамдас бөлігі және Алматы қаласын еліміздің астанасымен байланыстыратын негізгі магистральдық бағыттардың бірі саналады. Бұл жол өткізу қабілетін және қозғалыс қауіпсіздігін едәуір арттырып, жол жүру уақытын қысқартып, елдегі ең ірі агломерацияның орталық өңірлермен көлік байланысын жақсартуға мүмкіндік береді.

Бүгін ұзындығы 67 шақырымды құрайтын учаскеде төрт жолақты қозғалыс ашылды.

Салтанатты шараға Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев, «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясының басшылығы және

лысқан барлық жобалаушыларға, құрылысшыларға, мердігер ұйымдарға және мемлекеттік органдарға нысанды сапалы әрі уақытында пайдалануға бергені үшін алғысын білдірді.

Жоба аясында төрт көпір құрылысы, бір көлік жол айрығы, бір жол өткелі, бес кері бұрылу алаңы және 61 су өткізу құбыры салынды. Нысанда 300-ден астам маман және 104 бірлік құрылыс техникасы жұмылдырылды.

– Біз «Орталық – Оңтүстік» көлік дәлізінің негізгі учаскелерін кезең-кезеңімен заманауи стандарттарға сәйкестендіріп келеміз. «Қонаев – Күрті» автожолында төрт жолақты қозғалыстың ашылуы – көлік шығындарын азайтып, сапарларды қауіпсіз әрі жайлы ететін нақты нәтиже, – деп атап өтті «ҚазАвто Жол» Ұлттық компаниясының басқарма төрағасы Дархан Иманашев.

Сондай-ақ ол бұл жобаның Еуропалық қайта құру және даму банкінің заемы аясында жүзеге асырылғанын айтты. Жол құрылысы 2020–2025 жылдар аралығында жүргізілді.

Бұдан бөлек, биыл 341 шақырым автожол жөндеу жұмыстарымен қамтылды, оның ішінде 109 шақырымы – қайта жаңғырту, 1 шақырымы – күрделі жөндеу, 232 шақырымы – орташа жөндеу. Бұл басым бағыттардағы жол желісін кешенді жаңартуға және оның пайдалану



мердігер ұйымдардың өкілдері қатысты.

– Тек биылдың өзінде өңірде облыстық маңызы бар 178 шақырым жол жөнге келтірілді, сондай-ақ «ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясымен бірлесіп республикалық маңызы бар 341 шақырым автожол жөнделді. Бұл жобалар жол жүру уақытын қысқартуға, қозғалыс қауіпсіздігін арттыруға және өңір тұрғындары мен бизнес үшін қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді, – деді Марат Сұлтанғазиев. Облыс әкімі жобаны іске асыруға атса-

сапасын арттыруға мүмкіндік берді. Қазіргі таңда «Ұзынағаш – Отар» автожолының 42 шақырымында қозғалыс ашылды. Ал «Алматы – Бішкек» автожолындағы көлік айрығын салу жұмыстары жалғасуда, жоба келесі жылы аяқталады.

Іс-шара соңында Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев компания қызметкерлеріне құрмет грамоталары мен алғыс хаттар табыстады.

Бағдат ШОЙБАС



2025 жылғы 30 желтоқсанда Өтеген батыр ауылындағы аудан әкімдігінде Іле ауданының желтоқсаншыларына арналған тағылымды кездесу өтті. Маңызды жиынға аудан әкімі Қ. Жақсымбетов, аудан әкімінің орынбасары, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысқан 17 азамат, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

АУДАНЫМЫЗДА ЖЕЛТОҚСАНШЫЛАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Кездесудің басты мақсаты – Тәуелсіздік жолында күрескен желтоқсаншыларға құрмет көрсету, олардың ел тарихындағы айрықша орнын тағы бір мәрте атап өту, әрі ардагерлердің хал-жағдайын сұрап, рухани қолдау білдіру болды. Жиын барысында аудан әкімі Қ. Жақсымбетов желтоқсаншыларды Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен құттықтап, жүрекжарды лебізін білдірді. Ол өз сөзінде 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының ел тарихындағы маңызын ерекше атап өтті.

«Бұл – ата-бабамыз аңсаған, сіздердің ерліктеріңіздің арқасында келген қастерлі күн. Желтоқсан оқиғасы – батылдық пен отансүйгіштіктің, азаматтық ұстанымның жарқын көрінісі. Сіздер көрсеткен қайсарлық пен табандылық бүгінгі тәуелсіз еліміздің берік іргетасына айналды», – деді аудан әкімі.

Сондай-ақ, аудан басшысы желтоқсаншылардың бүгінгі хал-жағдайына, денсаулықтарына, көңіл-күйлеріне назар аударып, мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған қолдаулардың алдағы уақытта да жалғасын табатынын жеткізді.

Кездесу барысында Желтоқсан оқиғасына қатысқан бірқатар азаматтар Іле ауданы әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Марапаттау рәсімінен кейін сөз сөйлеу бөліміне кезек беріліп, Желтоқсан оқиғасына қатысушы Адельбаева Айгүл Қадырбекқызы мен Баетов Мұратбек Қойгелдіұлы өз естеліктерімен бөлісті. Олар сол бір тарихи кезеңдегі қиындықтар мен жастардың ел болашағы үшін көрсеткен ерлігін еске алып, бүгінгі бейбіт өмірдің қадірін білуге шақырды.

Кездесу барысында Іле ауданы желтоқсаншыларының төрайымы Қашқынбекова Бағдат Қалиқызы сөз алып, аудан басшылығына және ұйымдастырушыларға алғысын білдірді. Ол өз сөзін «Рухы биік қазақпыз» атты патриоттық өлеңмен түйіндеп, залда отырғандарға ерекше рухани әсер сыйлады.

Жиын соңында қатысушылар естелік суретке түсіп, желтоқсаншыларға деген құрмет пен тағзым тағы бір мәрте айқын көрініс тапты.

Карима МЕЙРАМБЕК